директоры
Кембебаева

# 2022-2023 оқу жылындағы «Ізденіс» тобының жылдық жұмыс жоспар

**Мақсаты:**

- Жаңартылған бағдарламаның ғылыми әдістемелік негіздерін зерделеу;
- Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау;
- Педагогтардың кәсіби құзырлылық деңгейін жетілдіру;

**Міндеттері:**

- Жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұны мен мақсаттарымен танысу;
- Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсіну және қолдана білу;
- Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру;

**Күтілетін нәтиже**

- Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаттарын, міндеттерін құрылымы мен мазмұнын біледі;
- Жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана алады;

| | Өткізілетін іс-шаралар | Мазмұны | Мерзім | Жұмыс формасы | Жауапты мұғалімдер | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйымдастыру жұмыстары | 2022-2023 оқу жылына арналған «Ізденіс» шығармашылық тобынаң жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру | Қыркүйек | отырыс | Топ мүшелері | |
| | «Жаңартылған білім беру мазмұны:ізденіс және тәжірибе» | Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты, мазмұны, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен таныстыру | Қыркүйек | Семинар | Топ мүшелері | |
| | «Педагогтардың кәсіби шеберлігі мен құзіреттілігін қалыптастыру-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың басты шарты» | Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыра отырып, олардың кәсіптік деңгейінің өсуіне жағдай жасау | Қыркүйек | коучинг | Алтаева Қ<br>Мусаханова Б | |
| 4 | «Заманауи білім берудің әдіс- тәсілдері» | Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету | Қазан | коучинг | Тәлімгерлер:<br>А. Толжарасова<br>Г. Омарова<br>Б. Садирова<br>А. Айкимбаева | |
| 6 | «Сабақтағы кері байланыс, топтағы бірлескен жұмыс» | Мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның классификациясы, әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау | Қараша | Шебер сынып | Алтаева Қ | |
| 7 | «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары» | Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдарын енгізуге талдау жасау | қараша | коучинг | Ибрагимова Б | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Оқушылардың оқып үйренуіне формативті бағалаудың ықпалы» | Формативті бағалаудың оқудағы ықпалы туралы түсініктерін кеңейту | Желтоқсан | Шебер сынып | Естаулетова Ж | |
| | «Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы кәсіби шеберлікті арттыру» | Жас мамандарды педагогикалық жаңашылдыққа үйрету. | желтоқсан | коучинг | Оспанова А | |
| 0 | «Оқыту үдерісінде АКТ-ны қолдану» | Оқыту үдерісінде АКТ-ны қолдану құзіреттілігін арттыру | қаңтар | семинар | Үркінбаева Г | |
| 1 | «Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі» | Мұғалімдер өзі бағалау және өзара бағалау кезіндегі бағалау критерийлері жаттығулар және оқу мақсаттары арасындағы байланысты анықтайды | қаңтар | Тренинг-сабақ | Жайлауов Н | |
| 2 | Оқыту үдерісінде әдіс – тәсіл алмасу | Жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша мұғалімдердің өзара іс-тәжірибе алмасуына ықпал ету | жыл бойы | сабақтар | Топ мүшелері | |
| 13 | «Интербелсенді әдіс-тәсілдер» | Интербелсенді әдіс тәсілдердің тиімділігін көрсету | ақпан | Коучинг | Төлегенова Н | |
| 14 | «Функционалдық сауаттылықты жетілдіру» | Мұғалімдерге топтық жұмыс арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, бақылау мен тәжірибенің ойлау мен талқылаудың нәтижесінде қорытынды жасату | ақпан | Шебер сынып | Мусаханова Б | |
| 15 | «Топтық жұмысты ұйымдастыра отырып, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» | Мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның классификациясы, әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау | наурыз | коучинг | Несіпбекова А | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| [illegible] | Кіріктірілген сабақ | Мұғалімдердің өзара іс-тәжірибе алмасуына жағдай жасау | Сәуір | сабақ | Топ мүшелері | |
| [illegible] | Қорытынды | 1 «Ізденіс» шығармашылық тобының жылдық жоспарын қорытындылау<br>2) 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру. | Мамыр | отырыс | Топ мүшелері | |

# Тақырыбы: Бірлескен топтық жұмыс . Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі.

Алтаева Қарлығаш Исановна

*Мақсаты: Мұғалімдердің іс-орынын айқындау, белсенділікке ынталандыру, топтық жұмыс туралы маңызды ақпарат алу

**Мұғалімдердің коучинг барысындағы мүмкіндіктері:**

**-ортада жайлы әрекеттестікті орнату , әңгімелесу үшін мүмкіндіктер жасау;**
**-өз идеяларын зерделеп,өзара әрекеттестікті орнату;**


Топтарда жұмыс істеу не үшін қажет?
• Ынтымақтастық
• Өзара әрекеттестік
• Топты ұйымдастыру ережесі
• Топтарда жұмыс істеу ережесі
• Топтың саны
• Топтағы жұмыс нәтижесі

Үйшік

Аланда бір үйшік тұр еді. Жертесер тышқан оны көріп калды.

- Неткен үйшік! Кімдікі бұл үйшік?

Ешкім жауап қатпады. Тышқан үйшікке кіріп, сонда тұра бастады. Секіріп бақылдауық бақа келді.

- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Мен, жертесер тышқанмын. Ал сен кімсің?
- Мен - бақылдауық бақамын
- Кел, бірге тұрайық

Екеуі бірге тұра бастады. Секектеп секек қоян келді.

- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, ал сен кімсің?
- Мен - секек қоянмын.
- Кел, бірге тұрайық

Олар үшеуі болды. Жүгіріп жылмаң түлкі келді.

- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа және секек қоян, ал сен кімсің?
- Мен - жылмаң түлкімін
- Кел, бірге тұрайық

Олар төртеу болды. Үйшікке аю келіп, есік қақты.

- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, ал сен кімсің?
- Ал мен – жантайғыш аюмын. Үйшігіңе жантая кетсем – бәрің жаншылып каласыңдар.

Қорқып кеткен аңдар үйшіктен қашып шықты. Ал жантайғыш аю үйшіктің үстіне жантая кетіп еді, үйшік қирап қалды. Жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, жантайғыш аю жиналып жаңа үлкен, әдемі үйшік салып, бірге өмір сүрді.


Жаңы алғанда, топтардағы бірлескен жұмыс төмендегі мақсаттарда жүзеге асырылады:
Әлеуметтік
•Тәжірибемен және идеялармен алмасу;
•Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу;
•Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу
Эмоционалдық
•Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену;
•Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету
Танымдық
•Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу;
•Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту


Топ мүшелерінің саны канша болуы қажет?
Шағын топтар :
•4-6 оқушыдан тұратын топ топтық жұмыстың көптеген түрлерінде және топта бір оқушының үстемділігін әлсірету үшін тиімді.
•Топ мүшелерінің кейбіреулері үшін аз жұмыс істеуге көп мүмкіндік береді.
•Тыныш, салмақты оқушылар жұмысқа аз қатысқысы келуі мүмкін.
Жұптар
Үлкен топтар

Рефлексия

1.Өзімнің жеке ойым бойынша …

А.топтық жұмыс туралы түсінік алдым.

В.топтық жұмысты білемін.

С.мен үшін жаңалық емес

Д.Ештеңеде түсінген жокпын

2.Сізге коучинг сессияда не кедергі болды?

А.Білімім.

Б. Уакыт.

С.Тілек.

Д.әріптестерім.

3.Коучинг сессияда кыйыншылыктарды жеңуге кім көмек берді?

А.әріптестерім

Б.Коуч.

С.бейне роликтер.

Д.Ешкімде.

рефлекция жазады

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі

# «Бірлескен топтық жұмыс . Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі»

коучинг

Өткізген : Алтаева Қарлығаш Исановна

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: Бірлескен топтық жұмыс . Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі.

Мақсаты: Мұғалімдердің іс-орынын айқындау, белсенділікке ынталандыру, топтық жұмыс туралы маңызды ақпарат алу

Мұғалімдердің коучинг барысындағы мүмкіндікері:

- Ортада жайлы әректтестікт орнаты, әңгімелесу үшін мүмкіндіктер жасау.
- Өз идеяларын зерделеп, өзара әрекеттестікті орнатату.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 минут
Жағымды психологиялық ахуал туғызу.
Көңіл-күйлерін көтеру, ойын арқылы жайлы психологиялық ахуал туғызу.
Ойын: «Өзгертулерді тап»
Ой қозғау :«Үйшік» ертегісін еске түсіру
Рөлдер таратылады (тышқан, бақа, қоян, түлкі, аю мысық, тышқан)
Талқылау- Мұғалімдер өз идеяларын зерделейді өзара әрекеттестікті жақсартуға, топтық жұмыстың қарқынды өтуіне ықпал етеді, белсенді түрде қатысады.

Үйшік

Аланда бір үйшік тұр еді. Жертесер тышқан оны көріп қалды.
- Неткен үйшік! Кімдікі бұл үйшік?
Ешкім жауап қатпады. Тышқан үйшікке кіріп, сонда тұра бастады. Секіріп бақылдауық бақа келді.
- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Мен, жертесер тышқанмын. Ал сен кімсің?
- Мен - бақылдауық бақамын
- Кел, бірге тұрайық
Екеуі бірге тұра бастады. Секектеп секек қоян келді.
- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, ал сен кімсің?
- Мен - секек қоянмын.
- Кел, бірге тұрайық
Олар үшеуі болды. Жүгіріп жылмаң түлкі келді.
- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа және секек қоян, ал сен кімсің?
- Мен - жылмаң түлкімін
- Кел, бірге тұрайық
Олар төртеу болды. Үйшікке аю келіп, есік қақты.
- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, ал сен кімсің?
- Ал мен – жантайғыш аюмын. Үйшігіңе жантая кетсем – бәрің жаншылып қаласыңдар.
Қорқып кеткен аңдар үйшіктен қашып шықты. Ал жантайғыш аю үйшіктің үстіне жантая кетіп еді, үйшік қирап қалды. Жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, жантайғыш аю жиналып жаңа үлкен, әдемі үйшік салып, бірге өмір сүрді.
Кері байланыс: «Сұрақ- жауап» 3 минут
1.Қалай ойлайсыздар,сабақ барысында топтық жұмысты қолдану қаншалықты тиімді?
2.Өз сыныбыңызда топтық жұмысты қолданасыз ба?
3. Топтық жұмыс барысында көшбасшы оқушының рөлі қаншалықты маңызды деп ойлайсыздар?
Мұғалімдер сұраққа жауап бере отырып, сабақ барысындағы тақырыптан алған әсерлерін зерделей отырып, шынайы түрде жауап береді.

Постер қорғау .«Гүл» жинау әдісі
1-тапсырма: Топтарға ватман таратылады.
Постерді әзірленуе – 5 минут; қорғауға – 5 минут беріледі
**1-топ** Топта жұмыс істеу ережелері
**2- топ** Топтық жұмыстың тиімділігі мен маңызы
**3- топ** Топтық жұмыстың тиімсіздігі
Мұғалімдер сұраққа жауап бере отырып, сабақ барысындағы тақырыптан алған әсерлерін зерделей отырып, шынайы түрде жауап береді және оны гүл формасында құрастырады.

**Ынтымақтастық және бірлеске оқу дегеніміз не?**

Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен оқу соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.
Ынтымақтастық оқу сыныпта пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Ынтымақтастық оқудың негізгі аспектісі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуіне негізделген.

**Бірлескен оқудың мәні**

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:
1. Оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Қатысушылар әр адамдардың көзқарасымен танысудан пайда алады.

Жалпы алғанда топтардағы бірлеске жұмыс төмендегі мақсаттарда жүзеге асырылады:

**Әлеуметтік**

•Тәжірибемен және идеялармен алмасу;
•Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу;
•Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу

**Танымдық**

•Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу;
•Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту

**Эмоционалдық**

•Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену;
•Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету.

Рефлексия
1.Өзімнің жеке ойым бойынша ...
А.топтық жұмыс туралы түсінік алдым.
В.топтық жұмысты [illegible] білемін.
С.мен үшін жаңалық емес
2.Сізге коучинг сессияда не кедергі болды?
А.Білімім.
Б. Уақыт.
Д.әріптестерім.
3.Коучинг сессияда қыйыншылықтарды жеңуге кім көмек берді?
А.әріптестерім
Б.Коуч.
С.бейне роликтер.
рефлекция жазады

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша**
**2022-2023 оқу жылындағы**
**«Ізденіс» тобының жетекшісі Алтаева Қарлығаш Исановна өткізген**
**«Бірлескен топтық жұмыс. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі»**
**тақырыбында**
**әдістемелік коучингтің**

# ХАБАРЛАМАСЫ

23 желтоқсан күні «Ізденіс» тобының жетекшісі Алтаева Қарлығаш Исановнаның ұйымдастыруымен «**Бірлескен топтық жұмыс. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі**» тақырыбында әдістемелік коучинг өткізілді.
**Коучингтің мақсаты:** Мұғалімдердің іс-орынын айқындау, белсенділікке ынталандыру, топтық жұмыс туралы маңызды ақпарат алу.
**Мұғалімдердің коучинг барысындағы мүмкіндіктері:** ортада жайлы әрекеттестікті орнату, әңгімелесу үшін мүмкіндіктер жасау, өз идеяларын зерделеп, өзара әрекеттестікті орнату.





**«Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі»**
**Демокрит**

## Семинардың тақырыбы:
## «Қысқа мерзімді жоспарды құрастырудың ерекшеліктері»

**Семинардың мақсаты :**

**Мектеп мұғалімдерінің күнделікті оқу процесінде қысқа мерзімді жоспарды жүйелі құрастыру жолдарын үйрену.**

**Өтетін күні:**

14 желтоқсан 2022 жыл

**Өтетін орны: Химия кабинеті**
**Ескерту: Барлық мектеп мұғалімдері қатысу міндетті.**

| Уақыты | Өткізілетін іс-шара | Жауапты |
|---|---|---|
| 17.00-17.05 | Кіріспе сөз | Мектеп директоры |
| 17.05-17.25 | Оқу процесіндегі нормативтік -құқықтық құжаттармен таныстыру. | Төлегенова Н.К |
| 17.25-17.45 | «Қысқа мерзімді жоспарды жүйелі құрастырудың жолдары» | Жайлауов Н.К |
| 17.45-17.55 | «Қысқа мерзімді жоспарды құрастыру» Практикалық жұмыс | Алтаева К.И |

A1

Алматы облысы,
Балқаш ауданы,
«Бірлік орта мектебі» мкм

# «Қысқа мерзімді жоспарды құрастырудың ерекшеліктері»

тақырыбындағы мектепішілік семинар бағдарламасы

2022 жыл

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
2022 -2023 оқу жылындағы
**«Қысқа мерзімді жоспарды құрастырудың ерекшеліктері»**
тақырыбында өткізілген мектепішілік семинардың

## ХАБАРЛАМАСЫ

**Семинардың мақсаты:** Мектеп мұғалімдерінің күнделікті оқу процесінде қысқа мерзімді жоспарды жүйелі құрастыру жолдарын үйрену.

14 желтоқсан күні "Бірлік орта мектебі" мкм-де «Ізденіс» шығармашылық тобындағы сарапшы және зерттеуші санатындағы мұғалімдердің ұйымдастыруымен «Қысқа мерзімді жоспарды құрастырудың ерекшеліктері» тақырыбында мектепішілік семинар өткізілді. Семинардың жоспарланған бағдарламасы бойынша 38 мұғалім қатысып, тәжірибе алмасты. Семинардың бағдарламасына сәйкес, мектеп директоры Г:З.Кембебаева семинардың мақсатын таныстырып, сөз сөйледі. «Оқу процесіндегі нормативтік -құқықтық құжаттармен таныстыру жөнінде Толегенова Н.Қ. таныстырылым жасаса, «Қысқа мерзімді жоспарды жүйелі құрастырудың жолдары» тақырыбында Алтаева Қ.И өзінің қысқа мерзімді жоспарының құрылымын талдай отырып, таныстырды. Жайлауов Н.Қ. «Қысқа мерзімді жоспарды құрастыру» тақырыбында практикалық жұмыс ұйымдастырды. Және мұғалімдерден кері байланыс ретінде сұрақ- жауап алынып, мұғалімдер бағаланып отырды. Жалпы семинар жоғары деңгейде өткізілді.





Хабарламашы: Ж.Кузенбаева

Балалар жылы 2022

# «ЖАУҚАЗЫН» ОТАУЫ

***Ата-бабаларымыз «Балам деген баланың бетінен қақпа, белін буу» деген қанатты сөзді бекерден-бекер айтпаса керек-ті. Талантың тұлпарын мінген дарынды өрендердің талабын ұштау-біздің басты парызымыз. Сондықтанда «Балалар жылына» орай аудан көлемінде көптеген игілікті істер қолға алынуда. Солардың қатарында дарынды өрендерге қолдау білдіру жағы да назардан тыс қалған емес.***

***Біз бүгін «Жауқазын» отауымен Бірлік ауылының жас өрендерінің тырнақалды шығармаларын оқырман назарына ұсынып отырмыз.***

***Мұндай қолдаулар алдағы күндері өз жалғасын табатын болады.***

***Редакция.***



*Суретте:*
*Қарлығаш АЛТАЕВА*

*Бірлік орта мектебінде «Балауса» шығармашылық бірлестігі жұмыс істеп келеді. Аталған бірлестіктің басты мақсаты – өлеңге, шығарма жазуға құмар өрендердің талабын ұштау. Бірлестікке бастауыш сынып мұғалімі Алтаева Қарлығаш Исаққызы жетекшілік етеді. Бүгінде оқушылар жыр жазуға төселіп, өлеңге тән критерийлерді сақтап, тамаша туындылар жазып келеді. Бұл – біріншіден, оқушылардың талабын*

жолашысы,
Сәулесін шашып жүрер
жолымызға.
Мың жүрекке жол
тауып іздегетін,
Жақсылықты ылғай
үйрететін.
Қамқор ұстаз үлгілі
ұстанымың,
Шәкіртің болғаныма
қуанамын.

### МЕКТЕБІМ

Мектебім – алтын босағам,
Дұрыс жолды нұсқаған.
Рахмет, ұлы шаңырақ
Өмірге қадам бастырған.
Білімнің кілтін ұстатқан,
Көңіліме сенім ұялатқан.
Бірлік орта мектебім
Мен өзіңмен мақтанам.



### КҮЗ

Астыққа толы қамбамыз,
Алғыс саған, Алтын күз!
Бір уыс дән шашпақ та
Көп-көп астық аламыз біз!
Жемісті мол теретін,
Күз мезгілі тамаша!
Жайдары күз, жомарт күз,
Байлығын төкті далаға!



*Қали Айсере,*
*7-сынып оқушысы*

### ӘКЕШІМ- БӘЙТЕРЕГІМ

Оқып едім кітабіңізді
«Абай жолы»
Мұхтар ата мойындаған
ерлігіңді.

* * *

Аударған ұлы Пушкиннің
өлеңдерін,
Ұлы Абай – данышпаным,
кемеңгерім.
Өлең үшін жаныңды
салып едің,
Кезеңі мәңгі жасап
ерен, керім.
Өзің жайлы жыр толғаумен
келемін мен.
Әуен толы жүректерді
тербеткен.
Ғибратқа толы әр сөздеріңді,
Өмір бойы жаныма
түйіп өтем.



*Төлепбергенқызы Үміт,*
*7-сынып оқушысы*

### ҰСТАЗЫМ

Бар білімін аямай,
Нәрін төккен санама.
Оқушыны аялай,
Қуанатын балаша.
Сәуле шашып, алтындай
Жарқырай бер, ұстазым!

Құттықтап бір қожайын туған-
туыс жақынды.
Әр үйге әкелген құт-береке,
Көреміз тек қуаныш
пен күлкіні.
Табысқан жұрт жақынын
тауып жатады,
Жүректердің жамылғандай
жыртығы.
Наурыз – менің халқымның
берекесі,
Жаңа жылы, ұлтымның
мерекесі,
Жадырайды жаңғырады
маңайым,
Жадырап күннің жанары
Сәулеңді шуағыңды аямашы,
Сәбидің күліп тұрған
жанарындай.
Қуанып құшақ жая
қарсы алдық,
Әз-Наурыз келді ағайын
құтты болсын!
Наурыздың жаңа жайлы
ерек тұсы,
Еліме сыйға тартқан
несібесін.
Дәстүрін жалғастырып
бабалардың,
Рухын көтерген сол
даналардың.
Жалғастырып бабалардың
ізлерін,
Әр жыл сайын тойлаймыз.
Әз Наурыз әкелген
құт-берекесін,
Құтты болсын, құтты
болсын әз Наурыз!

### АХМЕТ-ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Хат жазымын ақынменен
сырласуға,
Сұрақтар көп қоятын
бір басымда.
Ұсынған «Әліппені»
қазағына,

*ұштауға өздерінің тал-пынысынан десек, екінші жағынан ұстаз еңбегінің нәтижесі. Бүгін Сіздердің назарларыңызға ұсынылған бірлестіктің бірнеше оқушысының өлеңдерін жариялай отырып, дарынды өрендерімізге сәт-сапар дейміз.*

*Жетпісбай*
**ҚОЙШЫҒҰЛОВ,**
*ардандық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының аға әдіскері.*



*Төлеген Абылайхан,*
*3- сынып оқушысы*

### МЕНІҢ АУЫЛЫМ

Бірлігім шақты шыңдарға,
Көп ұлттың жинап баласын.
Жайқалтып егін өсірді,
Көгертіп құмның арасын.
Атына заты сай болған,
Өркендей бергін ауылым!
Келешегін жарқын боп,
Аман болсын қауымың!

### ҰСТАЗЫМ – МЕНІҢ ҰЛАҒАТЫМ

Білімнің дәнін егіп
бойымызға,
Құнарлы сусын құйған
ойымызға.
Ұстаз ғой – жас ұрпақтың



*Асқар Айзере,*
*3-сынып оқушысы*

### АНА

Ана – сені өмірге алып
келген жанашырың,
Ана – сенің қуанышың,
дара, асылың.
Анасыз өмірге сен
келмейсің ғой,
Ана – бұл өмірдегі
дара шыңың.
Ананың арқашанда
талғамы көп,
Балам биік ұшсын деп
самғап, үдеп.
Бәрінің ойлайтыны
– бала қамы,
Баласы бар ананың
арманы жоқ.

### АЛТЫН ҰЯ МЕКТЕБІМ

Алғашқы рет келгенімде
мектепке,
Бір ерекше сезімге
мен бөлендім.
Қалам алып, кітап
бетін ашқанда,
Түрлі сұрақ көкейімде
тұрды менің.
Сол сұрақтың жауаптарын
күн сайын,
Іздеп, тауып, оқып,
зерттеп келемін.
Әр сабақтан алған
тәлім, білімім.
Өмірге азық болады
деп сенемін.

Үнемі ақыл беретін,
Мен үшін әкем – бәйтерек.
Әкемнің алып тәрбиесін,
Адамгершілікпен өсемін.
Ерте кетіп жұмысқа,
Үйге кештеу қайтатын,
Болған күндіз құрылыста,
Қызықтарды айтатын.

### АБАЙ АТАМЫЗҒА АРНАУ

Абай ата – қазағымның
данасы,
Абай ата – ақындылар ағасы.
Абай атам ең нағыз ұлы
ақын ғой,
Қазаққа Алла бұйырған
бір дарасы.
Өлеңдерін өрнектеген
сөзбенен,
Мұнша дана боларыңды
кім білген?
Зере әже еркелетіп өсірген,
Ұлжан ана ертегісін
көп берген.
Қара сөздер өз мәнімен
жібіткен,
Өлеңдерің үміт күткен
өнерден.
Сөзің Сіздің еттен
емес сүйектен,
Өте-тұғын жүректерді
жібіткен.
Өлеңіңді оқығанда
тебіренем,
Ұлы есім ғой Ибраһим
деп білген...



[illegible]
Талмасын қанат әрдайым!



*Жасасын Ақпейіл,*
*7-сынып оқушысы*

### НАУРЫЗ ТОЙЫН ТОЙЛАЙЫҚ

Наурыз келді ағайын,
Жан-жағыма қарайын.
Наурыз келсе қимашын,
Мен әшекей тағайын.
Наурыз келсе, құт-
береке қонады,
Жердің жүзі шаттық нұрға
толады.
Әз-Наурызды ұлы далам
қарсы алып,
Әрбір үйде бір ұлы той
болады.
Бәйшешектер бүршік
жарып жайқалып,
Оны көріп қуанамыз
жәй халық.
Мерекеге қызыққандай
бізде ұлт,
Қызығады бізге қарап
таңқалып.
Жерге нұрын шашқан күн,
Баршамыз жүрейік қуанып.
Бүгінгі жыр-әнміз,
Арналсын мерекелік шараға.
Дүрліктірген даланы
Қуаныш пен шаттыққа,
Ақ түйенің қарны жарылған
күн тамаша!
Наурыз тойы берсін берекесін
әр үйге,

[illegible]
бағымызға.
Шыққан тегі Арғын
-ата киелі,
Атамызды қазақ елі сүйеді.
Әр өлеңнің астарында
мағына,
Оқыған жан керемет ой түйеді
«Қырық мысал», «Маса»
деген
Ең әйгілі шығармын,
Сусындаған нәрімен
бар адам.
Қаныктырушы жырымен
әр баланы,
Шығармамен мол
тәрбие алады.
Ахмет ата, асқақтаған
абыройың,
Бүгін міне, көптен күткен
ұлы тойың.
150 жыл келіп жеткен
мерейтойда
Әр қазағың мақтанады
есіміңмен.
Өсиет етіп қалдырдың
әр сөзіңді,
Мақтанышпен айтады
елің өзіңді.
Қазағымның мақтанышы,
елін сүйген ұланы,
Қазақ үшін жазып кеткен
қасиетті жыр-әнін.
Өлеңдерің рух беріп,
бағындырам белесті,
Мәңгі тұлға қалыптаған
қазағымның қыраны.

*Бірлік ауылы.*

